



QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 14 қараша

Мемлекеттік бағдарлама шенберінде 36 000 аса ипотекалық қарыздың қайта қаржыландырылуы мақұлданды

Қайта қаржыландыру бағдарламасы екі блоктан тұрады.

Бірінші блок 2004 - 2009 жылдардағы кезеңде қарыз алған ипотекалық қарыз алушыларға қолдау көрсетуге бағытталған.

Көрсетілген қарыздарды қайта қаржыландыруға Қазақстан Ұлттық Банкі 130 млрд теңге бөлді.

2019 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша қарыздарды қайта қаржыландыруға банктерге **33 500** өтінім берілген, оның ішінде қайта қаржыландыруға **170,2 млрд теңге** сомаға **27 573 қарыз**, қайта қаржыландырудың револьверлік тетігі ескеріле отырып, **155, 5 млрд теңге** сомаға **26 279 қарыз** мақұлданды.

Бағдарламаның екінші блогы жеке тұлғалардың 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін алған валюталық ипотекалық қарыздарын Қазақстан Ұлттық Банкінің 2015 жылғы 18 тамыздағы бағамы бойынша теңгемен қайта қаржыландыруды көздейді.

2019 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша валюталық ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыруға банктерге **9 205** өтінім берілген, оның ішінде қайта қаржыландыруға **76,4 млрд теңге** сомаға **8 641 қарыз** мақұлданды, **62,5 млрд теңге** сомаға **7 226 қарыз** қайта қаржыландырылды.

Қарыздың Бағдарлама талаптарына сәйкестігін айқындау үшін қарыз алушылар кредитор банкке өтініш жасауға тиіс.

Өңірлер мен банктер бойынша қайта қаржыландырылған ипотекалық қарыздар туралы ақпаратпен толығырақ «Банктердің ақшаны игеруі туралы ақпарат» бөліміндегі сілтемеден танысуға болады. Осы сілтемеде Бағдарлама талаптарын түсіндіру үшін халықпен өзара іс-қимыл жасайтын Қазақстан Ұлттық Банкінің, екінші деңгейдегі банктердің аумақтық филиалдары қызметкерлерінің байланыс телефондары көрсетілген.

Сұрақтар туындаған жағдайда қарыз алушылар Қазақстан Ұлттық Банкінің және банктердің филиалдарына олардың аумақтық тиістілігіне сәйкес өтініш жасауы қажет. Бағдарлама талаптарымен Ұлттық Банктің сайтында «Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау» бөлімінде танысуға болады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 591 (3930)

+7 (727) 330 24 52 (1452)

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz